| нурай               | 18%             | 82%              | 0                 |
| Звездочка           | 8%              | 92%              | 0                 |
| Балбөбек            | 60%             | 40%              | 0                 |
| Қазына              | 87%             | 13%              | 0                 |
| Күлпүнай            | 66%             | 34%              | 0                 |
| Еркемай             | 65%             | 35%              | 0                 |
| Күншуақ             | 86%             | 14%              | 0                 |
| Балапан             | 64%             | 36%              | 0                 |
| Ласточка            | 50%             | 50%              | 0                 |
| Байтерек            | 5%              | 95%              | 0                 |
| Балдаурен           | 63%             | 27%              | 0                 |
| Ромашка             | 70%             | 30%              | 0                 |

## Балалардың біліктегі мен дағдыларының тізбесі

2022-2023 оқу жылы

| Р/с<br>№ | Дағдылар тізбесі | Бебек жасы (1-3 жас)       |                            |                            |                              | Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)    |     |    |     |    |     | Барлығы игерген % |     |
|----------|------------------|----------------------------|----------------------------|----------------------------|------------------------------|-----------------------------------|-----|----|-----|----|-----|-------------------|-----|
|          |                  | Ерте жас (1 жастан бастап) | Кіші жас (2 жастан бастап) | Орта жас (3 жастан бастап) | Ересек жас (4 жастан бастап) | Мектепалды жасы (5 жастан бастап) |     |    |     |    |     |                   |     |
| 1        | 2                | 3                          | 4                          | 5                          | 6                            | 7                                 | 8   | 9  | 10  | 11 | 12  | 13                | 14  |
|          |                  | 0                          | 0                          | 1                          | 7                            | 2                                 | 20  | 4  | 37  | 5  | 47  | 12                | 111 |
|          |                  | 0                          | 0                          | 21                         | 34%                          | 46                                | 43% | 92 | 40% | 85 | 55% | 244               | 46% |

**№ 87 «Қадыр» балабақшасы**  
**тәрбиеленушілерінің жетістіктері**

| № | Байқаулар атауы   | Баға          | Халықаралық байқаулар | Республикалық байқаулар | Қалалық байқаулар |
|---|---|---------------|-----------------------|-------------------------|-------------------|
| 1 | <i>Зияткерлік байқауларының жеңімпаздары, жүлдегерлері, қатысушылары</i>                            | <i>zhaqsy</i> | 40                    | 42                      | 15                |
| 2 | <i>Көркемдік, шығармашылық конкурстар мен байқаулардың жеңімпаздары, жүлдегерлері, қатысушылары</i> | <i>uzdik</i>  | 50                    | 44                      | 14                |

## **IV-бөлім. Оқыту-тәрбие беру үрдісі**

➤ 2022-2023 оқу жылының оқу жоспары,  
балабақшаның жылдық жоспары .

«Рухани-жанғыру» бағдарламасын іске асыру.

- Пәндік - кеңістіктік дамытушы орта
- Медициналық анықтама
- Ата-аналармен жүргізілген сауалнама  
қорытындысы

## **Мазмұны**

|  |   |
|--|---|
| 1. Түсінік хат .....   | 3 |
| 2. Қазақ тілінде оқытылатын топтардың оқу жоспары.....               | 7 |
| 3. Орыс тілінде оқытылатын топтардың оқу жоспары.....                | 8 |
| 4. Білім беруді жаңғырту орталығының комиссия құрамының тізімі ..... | 9 |

## Түсінік хат

2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мына құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

✓ «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бүйрығы (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бүйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен);

✓ Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бүйрығы (2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бүйрықпен енгізілген өзгерістерімен);

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бүйрығы;

✓ «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 (2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бүйрықпен енгізілген өзгерістерімен);

✓ «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 Қаулысы;

✓ Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбілер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 9 шілдедегі 2021 жылғы № ҚР ДСМ -59 бүйрығы

✓ «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бүйрығы (2020 жылғы 18 мамырдағы № 207 бүйрықпен енгізілген өзгерістерімен);

✓ «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заны.

№ 87 «Қадыр» балабақшасында 12 топ жұмыс істейді. Мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылады - 8 топ; оның ішінде: кіші топ - 1; ортаңғы топ - 1; ересек топ - 4; мектепалды даярлық топ - 2. Орыс тілінде тәрбиеленіп, оқытылады - 4 топ; оның ішінде: ортаңғы - 1; мектепалды даярлық топ - 3.

Оқу жұмыс жоспарын әзірлеу барысында апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі және вариативтік компонентті қоса алғанда балалардың жас

ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы есепке алынды.

## **«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында жүргізілген жұмыстар**

Балабақшада «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында әртүрлі бағытта көп іс-шаралар өткізілді және қаламыздың басқа балалабақшаларымен іс-тәжірибелерімен белісіп отырды. Атап өтсек,

Балабақшада қалалық семинар аясында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жолдары талқыланды. Балаларға адамгершілік және патриоттық тәрбие беруде, көркем-эстетикалық тәрбиенің аясында сиқырлы кітап әлімі арқылы патриоттық тәрбиені дамыту тақырыптары ортаға салынды.

**2022 жылы 12 сәуір күні** «Көркем-эстетикалық тәрбиесіндегі сиқырлы кітап әлемі» қалалық семинар өткізілді. Көркем-эстетикалық тәрбиенің дамуы қазақ этнопедагогикасы материалдарымен кіріктіріп қолдану бағыттары көрсетілді.

Семинарға Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының және Білім беруді жаңғырту орталығының өкілдері, М.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің профессоры Н.Ж.Шаймерденова, ЕАГИ филология ғылыминың кандидаты Д.Аманжолова, ЕҰУ филология ғылыминың кандидаты, доцент Ж.Маликова және қалалық балабақшаларының менгерушілері, әдіскерлері қатысты. Семинар барысында балаларға көркем-эстетикалық тәрбие беру мақсатында кітап - адам тәрбиесіндегі сарқылмас рухани қазына екенін жеткізілді және маныздылығын түсіндірліді.

- **2022 жылы 5 сәуір күні** «Инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану» қалалық семинар өткізілді. Семинарға Л.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры Ф.Жумабекова, Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президенті Музейінің лекторы С.Жакупова, «Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық газетінің тілшісі Ә.Ғалымбекқызы, қалалық балабақшасының менгерушісі мен әдіскери. Семинар барысында педагогтерге «Рухани-жаңғыру – балаларға ұлттық құндылықтарды көркем-эстетикалық тәрбие арқылы қалыптастыруды инновациялық технологиялары мен әдістерінің қолдануы көрсетілді. Ұлттық құндылықтар негізінде балаларды адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелу т.б. тақырыптарда қойылымдар, тәжірибелік шеберсұныптар ұйымдастырылды.

**2021 жылы** Республикалық Қазақстан халқының «Тіл-достық көпірі» мәнерлеп оқу сайысында мектепалды даярлық тобының тәрбиенушісі Нұрсадық Ерасыл бірінші орынға ие болды.

**2022 жылы** Республикалық «Тәуелсіздік-тұғырым!» өлең байқауында бірінші орынға ие болды.

**2023 жылды 29 сәуір күні өткізілген «Мектепке дейінгі балаларға тәрбие беру арқылы үйлесімді тұлға дамыту» қалалық семинарда Семинар барысында педагогтар рухани тәрбие беру арқылы шығармашылық белсенділіктері артылып, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарын, ұлттық ойындарды қолдану бойынша бағыт-бағдар алды.**

**Семинарда еліміздің белгілі жазушы-этнограф Т.К.Аймағанбетованың педагогтармен кездесуі өтті.** Кездесу барысында педагогтарды Т.Аймағанбетова өз туындылары: «Әжемнің ертегілері», «Ауылдағы данагөй аталар мен әжелер» және тағы басқа ертегілерінің сиқырлы әлемімен таныстырыды. Тәрбиешілер тарапынан жазушы шығармалары балаларға оқылды, балалар қызығушылық танытып, «Балдәурен» ересек тобы тәрбиешісі Н.Нурсеитовамен бірге «Ауылдағы данагөй аталар мен әжелер» атты ертегісі бойынша қойылым көрсетті.

**2022 жылды 17 ақпан күні** балабақшада «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Әжемнің асыл сөздері» байқауы өтті. Байқауға тәрбиенішілердің әжелері қатысты. Байқаудың мақсаты халқымыздың ұлттық дәстүрлерін құрметтеуге, ұлттық тәрбие арқылы балалардың рухани тәрбиесін дамыту. Әжелер өнегесінің ерекшелігін ашып, балаларды қарт адамдарды тәрбиелеуге құрметтеу.

**2022 жылды** Қазақстан Республикасының 30 жылдық мерейтойы қарсаңында балабақша әдістемелік бірлестік жоспарына сәйкес педагогтар арасында «Ұлттық ойындарды оқу қызметінде қолдану» тақырыбында шебер сыныбы, «Бес асық» сайысы өткізілді. Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай үйымдастырылған челлендж аясында мәнерлеп оқу сайыста заняли первое место.

**Жыл сайын** «Рухани жаңғыру»-патриоттық тәрбие беру мақсатында педагогтар тәрбиенушілермен бірге ҚР Тұнғыш Президенті – Елбасы музейіне, кітапханасына экскурсия жасау дәстүрге айналған. Сонымен қатар, балалармен жүргізілетін тәрбиелеу мен оқыту жұмыстарына, балалаларды ұлттық құндылыққа тәрбиелеу мақсатында қазақ этнопедагогикасы материалдары (қазақ балалар фольклоры, салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар, ұлттық өнер т.б.) ертеңгіліктерде, ойын-сауықтарда, үйымдастырылған оқу қызметтерінде кең түрде қолданылады.

Бағдарлама аясында ереңгіліктерде, ойын-сауықтарда балалар туған ел, тәуелсіздік туралы әндер шырқап, тақпақтар айтып, ұлттық ойындарды, қазақтың ұлттық билерін билеп, ойындар ойнады. Педагогтер үйымдастырылған оқу қызметтерінде адамгершілік, патриоттық тәрбие қалыптастыруда қазақ этнопедагогикасы материалдарын үнемі кірктере отырып қолданады.

## **ПӘНДІК-КЕҢІСТІКТІК ДАМЫТУШЫ ОРТА**

Пәндік- кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті үйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтарды пайдалану болып табылады.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындағы тәсілмен үйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға үмтүлады, дамытушы орта баланы әрекетке ынталандырады, оны тұлға ретінде дамытады, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал етеді.

Осылайша, пәндік- кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті үйымдастыру және жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалана алады.

Біздің балабақшада барлық топтар пәндік- кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптарға сай келеді, қауіпсіз; қолжетімді; әртүрлі; мазмұнды; өзгермелі; тартымды , жас топтары бойынша пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптарды ескере отырып барлық топтарда осы талапқа сай жабдықталды.

### **❖ «Құлпынай» кіші тобы бойынша;**

Балалардың дамып жетілуіне жақсы және ыңғайлы, әр жеке баланың дамып жетілуіне мол мүмкіндіктер жасалған. Топтың іші танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтармен жабдықталып толықтырылған.

❖ «Балапан», «Ласточка» ортаңғы топтарында дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтырылған, қол енбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар мен шағын модельдер жасақталған.

❖ «Құншуақ» , «Еркемай», «Қазына», «Бәйтерек» ересек және «Балбөбек», «Балдаурен», «Звездочка», «Солнышко», «Ромашка» топтары мектепалды даярлық топтарында; дамытушы модульдер, құрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріпптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріпптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар

энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар.

Сонымен қатар, пәндік - кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру барысында барлық топтарда ойыншықтар мен ойын материалдарын толықтырылған.

Балабақшаның пәндік-дамытушы ортасы халықаралық **EKERS-R** шкаласы бойынша бағаланды.

### **Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін оның сапасын бағалау негізінде пәндік-кеңістік даму ортасын жобалау**

**Мақсаты:** балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін оның сапасын бағалау негізінде №87 «Қадыр» балабақшасының «Қазына» ересектер тобының заттық-кеңістік даму ортасын жобалау компоненттерін игеру.

**Міндеті:** Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша №87 «Қадыр» балабақшасының «Қазына» ересектер тобының заттық-кеңістік даму ортасын жобалаудың негізгі компоненттерін анықтауға ықпал ету.

| Шкала            | Орта ша балл | № | Ішкі шкалалар                                  | Баға |   |   |   |   |   |   |  |
|------------------|--------------|---|--|------|---|---|---|---|---|---|--|
|                  |              |   |  | 1    | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |  |
| Сөйлеу мен ойлау | 4,7          | 1 | Кітаптар мен суреттер                          |      |   |   |   |   |   |   | Күннің белгілі бір бөлігінде кітаптар қолжетімді. Күнделікті тіл дамытуға қосынша материалдар қолданылады. Кітаптардың барлығы Қатынас бұрышында орналасқан.   |
|                  |              | 2 | Қарым-қатынасты ынталандыру                    | 1    | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | Қарым-қатынасты ынталандыру еркін ойындар кезінде және топтық жұмыс кезінде де жүргізіледі.  |
|                  |              | 3 | .Ойлау дағдыларын дамыту үшін сөйлеуді қолдану | 1    | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | Балалардың өз ойларын ашық айтуда баулиды. Педагогтар сұрақ қою мен түсіндірме жүргізу арқылы ойларын саралауда үйретеді.                                      |
|                  |              | 4 | Күнделікті сөйлеуді қолдану                    | 1    | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | Еркін ойындар кезінде педагогтар балалармен әңгімелеседі. Бір-бірімен әңгімелесуге жағдай жасайды..<br>Балалардың ой қиялын дамытуда педагогтар ақпарат қосады |

Тәрбиеші күні бойы әртүрлі іс-әрекет барысында балалармен сөйлеседі. Берілген бір тақырыпта, қызмет барысында сөздік байланысқа түседі. Тәрбиеші балалардың айтылған ойына ақпарат қосып береді, балаларға сұрақ қойып, оларды неғұрлым ауқымды, мазмұнды жауап беруге ынталандырады.

Бақылаудың нәтижесі орташа ұпаймен алғанда 4,7 ұпайды көрсетті, демек жақсы деген нәтиже берді. Шкала бойынша 7 яғни, 100% көрсеткіш шығару үшін заттық-кеңістік ортасын талапқа сай жабдықтап, балаларды сөйлеуге ынталандыру мақсатын көздей отыра үйимдастыру қажет және заттық-кеңістік ортасының маңыздылығы мен міндеттін тәрбиешіге түсіндіріп жұмысты нәтижелі орныдату керек.

## Техникалық сипаттама

### Интернет желісіне қатынау қызметі

«Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі № 567 Заңына және Интернет желісіне қатынау қызметтерін ұсыну Ережесіне (Тапсырыс туралы заң.) 1-кестеге сәйкес 365/7/24 тәртіптемесінде Интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 10999, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы №832 «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптар» және «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 24 қараша, № 418-V.

1-кесте

| Қызметкөрсету мекенжайы | Интернетке қосылу жылдамдығы  |
|-------------------------|-------------------------------|
|                         | 20/8 Мбит/с кем емес 2 нүктө  |
|                         | 40/16 Мбит/с кем емес 4 нүктө |

Арнаны ұйымдастыру кезінде қауіпсіздікті, деректердің сақталуын және ықтимал сыртқы вирустық және хакерлік шабуылдардан қорғауды қамтамасыз ету үшін жерасты сымды талшықты оптикалық байланыс желілері бойынша деректерді берудің қорғалған арнасы бойынша бейне кескін ағынының деректерін беру үшін жеке желіні қамтамасыз ету қажет. Жеткізуши Интернет арқылы деректерді беруді пайдаланбауы керек. Арна жабық принцип бойынша салынуы керек, сырттан кіру мүмкін емес.

Деректерді беру арнасы трафикті есепке алмай 365/7/24 (тәулік бойы) режимінде берілуі тиіс.

Тапсырыс берушінің арнасын дұрыс іске асыру және оны ПД ЖБО-ға шығару үшін әлеуетті өнім беруші пайдаланылуы болжанатын IP мекенжайларды қоса алғанда, арнаны ұсыну технологиясы мен схемасын Нұр-сұлтан қаласының ПД-мен келісуі тиіс.

Қызмет көрсету кезінде әлеуетті өнім беруші Тапсырыс берушінің қолданыстағы бейнебақылау жабдығымен (камералар, бейнетіркегіштер) және бейне ағынды қабылдайтын жабдықпен Нұр-сұлтан қаласы ПД ММ үйлесімділігін қамтамасыз етуі тиіс. Тапсырыс беруші мен ДП қолданыстағы жабдықтарын ауыстыру қарастырылмайды, өйткені қосымша қаржылық шығындар қажет болады.

Трафикті шектеу - белгілі бір көлемге жеткен кезде баяуламай, шексіз тариф. Егер өнім берушінің қызмет көрсетуі барысында 2 күн ішінде жылдамдықтың түрақты төмендеуі болса, Тапсырыс беруші Қызметті жеткізушиге жазбаша хабарлама жіберу арқылы біржакты тәртіpte келісімшартты бұзуға құқылы. Қызмет көрсетушінің жабдықтау портында қол жеткізу жылдамдығы белгіленеді және Клиенттің жазбаша өтініші бойынша (Жеткізушинің техникалық мүмкіндігімен) өзгертіледі.

Интернет желісіне қолжетімділікті қамтамасыз ету тұрақты және сенімді қосылысты қамтамасыз ету үшін радио және жерсеріктік қолжетімділік участекелерінсіз барлық бағыт бойынша сымды байланыс желілері арқылы жүзеге асырылуға тиіс.

Қызметтің қол жетімділігі айна 99,5% кем емес.

Клиенттің қызмет көрсету нүктесінің мекенжайын өзгерту қажет болса, Жеткізуши көрсетілген мекен-жай бойынша техникалық мүмкіндік болған жағдайда 1 жұмыс күні ішінде жаңа кіру нүктесінде қызметті іске асыруға міндеттенеді.

Қызмет көрсетілетін барлық өзгерістер мен модификациялар және жабдықтың конфигурациясы Клиенттің жазбаша өтініші негізінде жасалады.

« Жеткізушиның тарапынан шығындарды жою (жабдық немесе бағдарламалық қамтамасыз ету, пайдаланылатын тікелей және Жеткізушиның тікелей басқару және бақылау) 3 сағатқа дейінгі мерзімде (форс-мажор жағдайды қоспағанда) өтінім түскен сәтten бастап жүргізілуі тиіс.

Берілген қызметтер Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес болуы тиіс. Жеткізуши желінің күйін күніне 24 сағат, жылына 365 күн бақылайды. Арна болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші мәселені Жеткізушиның техникалық қолдау қызметіне жібереді, ол мәселенің күйін анықтайды және мәселені шешу үшін тиісті қызметкерлерді шақырады. Тапсырыс берушінің өтінішін алған күннен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде Жеткізуши залалды жөндеу бойынша қажетті шараларды қабылдайды және қажет болған жағдайда, Клиентке ақаулықтарды жою үшін тиісті персоналды жібереді. Жеткізуши Тапсырыс берушіні бөгеулерді жою туралы қабылданған шаралар туралы хабардар етеді.

Алдын алу жұмыстары түнде жүргізіледі. Жұмыс туралы хабарлама 48 сағат бұрын айтылады.

Жеткізуши қызметті 2 жұмыс күн ішінде (келісімшартқа қол қойғаннан кейін деректерді үзіліссіз қамтамасыз етуді) қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Жеткізуши тарапынан ұсынылатын қызметтер сапасы мемлекеттік стандарттарға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құжаттарымен белгіленген техникалық нормалар мен талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Жеткізуши басқаруды, желілік трафикті бақылау, қосымша қызметтер түрлерін қосу және жоюды он-лайн режимінде мамандандырылған веб-порталды үймдастырыру арқылы қамтамасыз етеді.

Астана қаласының барлық аудандарында орналастырылуға тиіс Жеткізуши деректер желі түйіндері, сондай-ақ, трафик және қызметтердің барлық түрлері үшін мультисервистік платформа интеграцияланған болуы тиіс. Жеткізу тізбегінде негізі, CRC технологиялар, Frame Relay және IP / MPLS негізделуі тиіс. CRC желі, Frame Relay және IP / MPLS CRC технологиясы бойынша салынған және релелік Frame желілерге қосылу қамтамасыз ету арқылы Клиентке корпоративтік желілер қызметтерін құру қамтамасыз ету үшін жоғары ауқымдылығы шешімдерді

ұсынады Е1 қолдана отырып, барлық облыс орталықтарында, өзара байланысты, жана IP / MPLS технологиясының арқылы қосылған түйіндер.

Жеткізуші желілерінің арналарын резервтеу желінің ядросының сақиналы топологиясы бойынша жүзеге асырылуға тиіс, онда бір түйіннің сәтсіздігі жалпы желінің жұмысына әсер етпейді.

Қалалық желілер банкоматтың негізінде және MetroEthernet технологиясы бойынша салынады және 155 сыйымдылығы бар - тиісінше 622 Мбит / сек және 1-100 Гб / сек.

Интернетке қол жеткізу үшін жер сыртқы арналарының болуы ұсынылатын қызмет көрсетудің жоғары деңгейде барынша деректер бағамы қамтамасыз ету үшін мүмкіндік беруі тиіс.

байланыс желілері зақымданған деректер болса, Жеткізуші осындай байланыс желілері залал жою үшін қажетті шаралар қабылдайды

Техникалық қызмет көрсету жұмыстары түнде жүзеге асырылады. жұмысы туралы хабарлама 48 сағат бұрын жүргізіледі.

**Жеткізушінің тұтынушыларға тәулік бойы қолдау көрсету қызметі болуы қажет (байланыс орталығы, жөндеу бюросы).**

## Медициналық анықтама

Балабақшада медициналық кабинет және оқшаулау бөлімі бар.

Медициналық қызметкерлермен толық қамтамасыз етілген:

Балалар балабақшаға кіргенде денсаулық жағдайы мүқият тексеріледі, олардың денсаулық тобы анықталады.

**Келесі іс-шараларды ұйымдастыру және бақылау жүргізіледі:**

| № | <i>Iс-шаралар</i>   |
|---|---|
| 1 | Балаларды толық және уақытында есепке алу.  |
| 2 | СанПиН талаптарын сақтаудың бақылауын жүзеге асыру:<br>-егу кабинетін жабдықтау – тиісті талаптарға сәйкес келеді;<br>-термо контейнерлер жеткіліктілігі;<br>-температурың режим сақтау;<br>-бактериалық дәрі-дәрмектерді тасымалдау ережесін сақтау;<br>-егулерді жүргізу техникасын сақтау;<br>-поствакциналық кезеңді қадағалау; |

|   |  |
|---|--|
| 3 | Алдын ала егуді жүргізу  |
| 4 | Алдын ала егу жоспарларын орындау  |
| 5 | Поствакциналық асқынудың алдын алу бойынша іс-шаралар жүргізу:<br>-кепілдемелері бар стендті рәсімдеу;<br>-асқыну туғанда жедел жәрдем ұйымдастыру үшін дәрі-дәрмектер терімдері бар сөрелерді жабдықтау |
| 6 | Алдын ала егулерді жүргізудің талдауы  |

Осыған орай, салауатты өмір салтын қалыптастыру және сауықтыру іс-шараларын жүргізу бойынша келесі көрсеткіштерге ие:

1. Балалардың тұмауға және респираторлық-вирустық инфекцияларға сезінушілігін төмендетеді;

2. Бала ағзасының ауруларға табандылығы жоғарылайды.

Мектепке дейінгі ұйымдарда қызметтің жетекші бағыты – санитарлық агарту жұмыстарына да қазіргі жағдайға байланысты көніл бөлініп келеді. Осы мақсатта педагогтерге, техникалық қызметкерлерге жиі кеңестер беріліп, жұмыс жүйелі жүргізілуде. Барлық топтар визуалды үгіт құралдарымен - қол жуу ережелері, салауатты өмір салтын ұстану жолдары, дұрыс тамақтару стенд, күнделікті тәртіп т.б.қамтылған.

Медициналық қызметкерлері қажетті дәрі-дәрмектермен, шағын медициналық жабдықтармен үнемі толықтырылып отырады. Алғашқы медициналық көмек көрсететін дәрі-дәрмектер қорының болуын балабақша педиатры қатаң бақылайды. Бала денсаулығын, тыныс алу жолдарын жақсарту үшін ингалятор сатып алынды, барлық топтар мен кабинеттерде кварц шамдары бар. Барлық топтар дизенфекция жасауға, жууға арналған санитарлық құралдарымен қамтамасыз етілген. Каантин уақытынан бастап жаңадан тазалық жасауға арналған жуғыш заттар, құралдар алуға баса назар аударылды. Педагогтердің, қызметкерлердің қолын заарсыздандыруға арналған барлық жерде антисептикпен тазартқыштар орнатылған., педагогтерді бір рет қолданатын маскалар мен қолғаптармен толық қамтамасыз етілді. Қоймада жуғыш заттар, тазартқыш заттар жеткілікті.

Аурулардың алдын алу мақсатында күз, қыс және көктем айларында ОРВИ және тұмаудың алдын алуға бағытталған іс-шара өз нәтижесін көрсетіп келеді. Күзгі-көктемгі кезеңде физиотерапиялық процедуralар педиатрдың кеңесі бойынша тағайындағандалады. Шөптен жасалған қайнатпалар қосылған итмұрын жеміс сусындары, сонымен қатар С дәрумені бір апта бойы беріледі. Барлық балалар денсаулығын жақсартуды жылына екі рет алады, сонымен қатар басқа да шаралар да қоysмаша жүргізіліп отырады.

| <b>№р/р</b> | <b>Іс-шаралар</b>   |
|-------------|---|
| <b>1</b>    | Күшті бактерицидті және вирусқа қарсы сарымсақ майының тұнбасын мұрынға жағу.               |
| <b>2</b>    | Тамақты тұзды ерітінді, жалбыз, түймедақ тұнбасы қосылған ауа температурасындағы сумен шаю. |
| <b>3</b>    | Фитонцидтер, моншақтар және «тұмарлар» тағу   |
| <b>4</b>    | Фитотерапия – иммунитетті ынталандыратын, тұмауға қарсы терулер, май қарағайдың қосылымы.   |
| <b>5</b>    | Оксалин майын қолдану   |
| <b>6</b>    | Топ бөлмелерін кварцтау   |
| <b>7</b>    | Фитонцидтерді тағамға қосып қолдану   |
| <b>8</b>    | Тұмауға қарсы егілу   |
| <b>9</b>    | Тұз шахтасын қолдану  |

Мектепке дейінгі ұйымда барлық санитарлық-эпидемиологиялық жұмыстар қатаң түрде Нұр-Сұлтан қаласының бас санитарлық дәрігерінің қаулыларына сәйкес жүргізілді. Балалар мен қызметкерлердің күнделікті температурасын өлшеу тепловизор көмегімен жүргізіледі (6 дана). Тыныс жолдарының инфекциясының белгілері бар балалар мен қызметкерлер анықталса (жөтел, мұрыннан су, 37 градустан жоғары температура) бірден үйге жіберіліп, медицина мамандарына хабар беріледі.

Айна бір рет педагогтер мен қызметкерлер арасында гигиена ережелерін сақтау және олардың қатаң орындалуын бақылау қажеттілігі туралы нұсқаулар беріледі. Кварц шамының көмегімен бөлмені залалсыздандыру жүйелі түрде жүргізіледі, сонымен қатар оқу -ұйымдастыру процестерінің кестесіне, жұмыс уақыты мен жыл мезгілдеріне қарай сәйкес желдету жұмыстары жүргізіліп отырады. 12 топта кварц шамдары бар. Кабинеттер мен топтарды кварцтау күніне 2-3 рет жүргізіледі.

Топқа дезинфекциялық тазалық құралдарымен тазалау жұмыстары күніне 2-3 рет жүргізіледі, есік тұтқаларын, ажыратқыштарды, баспалдақтарды, үстел, орындықтарды жиі жуып отырады. Топтық төсөніштер апта сайын және қажет болған жағдайда ауыстырылады. Медициналық, техникалық қызметкерлер, ас бөлмесінде жұмыс істейтін қызметкерлер арнайы киіммен қамтамасыз етілген. Топтарда балалар тізіміне сәйкес жиназ (үстелдер, орындықтар, шкафттар), зығыр мен сұлгілердің үш ауыстырылымды төсөніштер, орамалдары, ыдыс -аяқ жеткілікті.

Балалардың денсаулығын сақтау бойынша балалар дәрігері үнемі бақылап отырады. Медициналық тексерулерді жүйелі түрде ұйымдастыру үшін т.б. маман дәрігерлер жылына бір рет өтеді: невропатолог, хирург, окулист және т.б

мамандар. Балабақшада емдеу-сауықтыру шаралары, дене тәрбиесі, шынықтыру шаралары өтілуде. Балаларға үш мезгіл тамақ және таңтеренгілік уақытта қосымша дәрумендері бар тағамдар беріледі (жемістер және дәруменді шырындар), күн сайын түскі 3-ші тағамға дәрумендер беріледі.

### **Балалардың диагноздары бойынша жылдық салыстырмалы кестесі**

| Мерзімі              | Саны       | Соматикалық | Ангина    | Бронхит   | Фарингит | Оти      | Басқа    | Жұқпалаы | ЖРИ        | Ветряная оспа |
|----------------------|------------|-------------|-----------|-----------|----------|----------|----------|----------|------------|---------------|
|                      |            |             |           |           |          |          |          |          |            |               |
| <b>2022 – 2023 ж</b> | <b>321</b> | <b>3</b>    | <b>34</b> | <b>17</b> | <b>8</b> | <b>3</b> | <b>4</b> | <b>5</b> | <b>180</b> | <b>7</b>      |

### **Ата-аналармен жүргізілген сауалнама**

**МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет көлемін игеру.**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес тұғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданға дейінгі балалардың біліктегі мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар орындалды. Өлшемшарттардың 6 қосымшасына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе занды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса берілді. (6 жынтық)

Балабақшада:

Мектепке даярлық тобы- 5

Ондағы барлық бала саны- 133

Сауалнамаға қатысқан ата-аналар саны- 97

Респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған үлесі 87 % болғандықтан, «Uzdik» деп бағаланды.

## **№87 «Қадыр» балабақшасының өзін-өзі бағалау қорытындысы**

№87 «Қадыр» балабақшасында мемлекеттік өзін-өзі бағалау кезінде оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелігін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жасалынды.

Әдістемелік жұмыс төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- педагог қызметкерлердің ақпараттық, оқу-әдістемелік және білімдік қажеттіліктерін қамтамасыз ету;
- педагогикалық процесте оқытудың заманауи құралдарын және ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері бойынша кеңес, семинарлар өткізу;
- педагогтардың біліктілігін арттыру (олардың шығармашылық жұмысын, педагогикалық шеберліктерін жетілдіру мен өздігінен білім алудың қамтамасыз ету);
- педагогтардың шығармашылық еңбекке деген құштарлығын арттыруға жағдай туғызу, педагогтардың сұранысын есепке ала отырып, әдістемелік шаралар өткізу;
- оқу әдістемелік құралдар, жоспарлар, материалдар, топтардағы оқу-тәрбие ісін молайтуға арналған тапсырмалар мен ойын жағдаяттарын жинақтау.

Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыруды педагогтерге келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылды:

- ойын, зерттеу арқылы оқыту;
- білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту.

Білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды: топтардың жалпы жағдайларын бакылау, күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілермен мамандардың балалармен тәрбие-білім жұмыстарын жүргізу барысында заттық-дамытушы орталықтар, дидактикалық ойындар, картотекалар, дизайн-студияда ниткография, тұзды қамырдан ұлттық әшекейлер, т.б заттар кеңінен қолданылуда.

Балабақшамызда педагогтардың кәсіби шеберліктерін шындауға бағытталған іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп тұрады: педагогикалық кеңестер, семинарлар, тренингтер, ашық оқу қызметтері, дөңгелек үстелдер, балабақшаның өзге мекемелерімен сабактастығы аясында кездесулер, экскурсиялар, шебер-сыныптар.

Балабақшада мамандардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне тәжірбиелік қызметке даярлау барысында әдістемелік көмек көрсетіліп тұрады. Жас

мамандарға бағыт-бағдар беру мақсатында тәлімгерлер бектіліп, шеберлігін шындауға көмектесіп келеді.

Тәрбиешілер көркем-эстетикалық, шығармашылық жұмыстарда жаңа технологияларды қолдануда. Балабақшаны өзіндік бағалаудан өткізу барысында нормативті-құқықтық құжаттар, әдістемелік жұмыстардың түрлері, олардың нәтижелілігі сарапталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі өзгеріп тұрған әлемге бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау барысында психологиялық қызмет үшін қолайлыш жағдайлар жасалған.

Оку-тәрбие процесін психологиялық сүйемелдеудің мақсаттары мен міндеттерін тиімді іске асыруға тікелей әсер ететін (кабинеттің болуы, оның жабдықталуы, дамытушы ойындардың, дидактикалық материалдың болуы; компьютердің болуы). Бұл өз кезегінде педагог-психологтың тікелей жұмысының табыстылығы мен нәтижелілігін анықтайды. Балабақша жағдайындағы психологиялық белсенділік балалардың дамуының жеке, жас, психологиялық ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Жұмыстың жаңа формалары мен әдістерді қолдана отырып жоспарлау.

Балабақшаның психологиялық қызметі келесі жұмыс түрлерін қамтиды:

- мектепке дейінгі үйымға түсетін балалардың бейімделуі;
- балалармен диагностикалық жұмыс (тәнімдік үдерістердің даму ерекшеліктерін, балалардың мектепке түсуге дайындық деңгейін зерттеу: мотивациялық, ерік-жігерлік, зияткерлік, эмоционалдық);
- ата-аналармен консультациялық жұмыс;
- қызметкерлермен диагностикалық және консультациялық жұмыс.

Балабақша психологі педагогтардың психологиялық саулығын қамтамасыз ету мақсатында әр түрлі тақырыпта тренингтер, дөңгелек үстелдер, ойын-жағдаяттар үйымдастырып, сұранысқа сай кеңестер беріп отырады.

Жаңадан қабылданған балалармен және олардың ата-аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізіледі. Баламен жеке жұмыстар, ата-аналарға әр түрлі тақырыптарда кеңестер беріледі. Өтпелі кезең дағдарысынан онтайлы өтулеріне жағдай жасап, профилактикалық шаралар өткізіліп тұрады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша іс шаралар үйымдастырылып, қаламыздың басқа балалабақшаларымен іс-тәжірибелерімен бөлісіп отырылды.

Балабақшаның пәндік-кеңістік дамытушы ортасын бағалау барысында Халықаралық EKERS-R шкаласымен топтарға, музика залына, спорт залына бағалаулар жүргізіліп, ортақ балл шығарылды. Әрі қарай жүргізілетін жұмыстар айқындалды.

Балабақшада жоспарлы түрде пәндік – дамытушы ортаны қалыптастыру мақсатында көркем – эстетикалық, мемлекеттік стандартқа, техникалық қауіпсіздіктің, санитарлық-гигиеналық талаптарына сай терең жұмыс жүргізілді.

### *Ұсыныстар:*

- рухани-адамгершілік білім беру бағытындағы оқу құралдарымен қамтамасыз ету;
- топтардағы пәндік-кеңістік дамытушы ортаны жаңа технологияға сай ойыншықтармен жабдықтау;
- топтарды, кабинеттерді модульды жиһаздармен жабдықтау

Балабақшамызда педагогтардың біліктілігін арттыру мақсатында жоғары санатты педагогтар Э.Шильдебаева, Н.Нурсеитова, педагог зерттеуші К.Мухановаға әдістемелік жинақ шығаруға ұсыныс жасалды.

Педагогтардың тәрбиеленушілерді зияткерлік конкурстарға қатыстыруларын одан әрі қарай жалғастырсын.

### *Қорытынды:*

№ 87 «Қадыр» балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады. Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Балабақша педагогтары қала көлемінде ұйымдастырылып, өткізілетін ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестерге қатысып, өз құзыреттіліктерін көтереді, өзіндік білім көтеру үрдісінде бейімделген бағдарламалар мен қосымша білім беру бағдарламаларын қолданады. Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда. Балабақшадағы психологиялық және эмоционалдық жағдайды жақсарту, денсаулықтарын нығайту мақсатында көптеген жұмыстар ұйымдастырылады. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жұмыстары жүйелі қадағаланады, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің дамуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу-әдістемелік материалдық базасы жеткілікті жабдықталған. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылған. Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өз деңгейінде жүргізіледі. Педагогтар жаңа инновациялық технологиялар арқылы балаларға білім береді. Балабақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті. Өзін-өзі бағалау нәтижесінде келесі ұсыныстар енгізіледі:

1. «Педагогикалық процесті ұйымдастырғанда жалпы талаптар»

(КР МЖМБС-1.001-2013), сонымен қатар, пәндік-дамытушы ортаны ұйымдастырғанда жалпы талаптарды орындау барыстарын жалғастыру».

2. Педагогтарға тәрбиеленушілердің бағалау көрсеткішін дұрыс сараптауға кеңестер өткізу.

3.Оқу қызметі барысын ұйымдастыруда педагогтар жаңа технологияларды пайдалану, баланың дамуына тың мүмкіндіктер жасау.

4.Көркемдік шығармашылық конкурстар мен байқауға қатысады ұйымдастыру, тәрбиеленушілер арасында сараптама жүргізіп, жоспар жасау.



